Аннотация. В статье анализируется устойчивость двустороннего товарооборота между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой в условиях трансформации глобальной торговой системы. Актуальность исследования обусловлена тем, что усиление торгово-экономического взаимодействия с Китаем сопровождается не только ростом объемов внешней торговли, но и изменениями ее структурных характеристик. Указанные процессы приводят к усилению торговых дисбалансов и формированию дополнительных экономических рисков для национальной

экономики. В исследовании используется сочетание количественных и качественных методов анализа. Эмпирическую базу составляют официальные статистические данные Бюро национальной статистики Республики Казахстан, информация международной базы UN Comtrade за 2019–2025 гг., а также аналитические материалы международных организаций. Количественный анализ направлен на оценку динамики товарооборота, структуры экспорта и импорта, состояния торгового баланса, коэффициента покрытия импорта экспортом и индекса концентрации импорта. Качественный анализ применяется для интерпретации выявленных структурных диспропорций и связанных с ними экономических рисков. *Ключевая гипотеза исследования* заключается в том, что рост товарооборота в рассматриваемый период сопровождается усилением импортной зависимости и повышением рисков, обусловленных концентрацией внешнеторговых потоков. Полученные результаты подтверждают данную гипотезу и свидетельствуют о формировании отрицательного торгового сальдо с 2023 года, а также о устойчивом росте уровня концентрации импорта. *Практическая значимость исследования* заключается в возможности использования полученных результатов при оценке устойчивости внешней торговли, мониторинге внешнеэкономических рисков и обосновании мер по диверсификации импорта и корректировке торгово-промышленной политики.

Ключевые слова: товарооборот, внешняя торговля, структурная асимметрия, импортная зависимость, концентрация импорта, экономические риски

Кіріспе. Сыртқы экономикалық байланыстар ұлттық экономиканың дамуын қамтамасыз ететін және жаһандық өзгерістер жағдайында оның орнықтылығын қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы үшін Қытай Халық Республикасымен қалыптасқан сауда-экономикалық қатынастардың маңызы ерекше, өйткені соңғы жылдары бұл бағыт стратегиялық сипатқа ие болды. Әлемдік сауда тізбектерінің қайта құрылуы және геэкономикалық тұрақсыздықтың күшеюі жағдайында аталған ынтымақтастық елдің сыртқы экономикалық саясатының басым бағыттарының біріне айналып отыр. 2019–2025 жылдар аралығында Қытай Қазақстан Республикасының жетекші сауда әріптестерінің бірі ретіндегі орнын тұрақты түрде сақтап келеді. Осы кезеңде екіжақты тауар айналымының көлемі едәуір ұлғайып, Қытайдың елдің сыртқы саудасындағы үлесі айқын түрде артты. Бұл үрдіс Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректерімен расталады (BNS RK, 2025).

Зерттеу тақырыбын таңдау аталған үдерістің экономикалық салдарын кешенді түрде талдау қажеттілігімен негізделеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымының өсуі соңғы жылдары тұрақты сипатқа ие болып отыр. Сонымен қатар бұл өсім сауда ағындарының құрылымдық өзгерістерімен қатар жүруде. Аталған өзгерістер елдің сыртқы экономикалық

дамуының параметрлеріне және ұзақ мерзімді экономикалық орнықтылығына елеулі ықпал етеді. Зерттеудің өзектілігі екіжақты сауданың құрылымында орын алып отырған сапалық өзгерістермен байланысты. Қазақстаннан Қытайға бағытталған экспорт негізінен шикізаттық сипатта сақталуда. Ал Қытайдан импортталатын өнімдер құрылымында дайын және технологиялық тұрғыдан күрделі тауарлардың үлесі жоғары. Импорттың едәуір бөлігін машиналар, жабдықтар мен электрондық техника құрайды (UN Comtrade, 2025). Мұндай сауда құрылымы сауда теңгерімсіздігінің қалыптасуына алғышарт жасап, ұлттық экономиканың импорттық әрі технологиялық тәуелділігін күшейтеді.

Проблемалық жағдай сауда-экономикалық ынтымақтастықтың кеңеюі мен сонымен қатар туындайтын экономикалық тәуекелдердің өсуі арасындағы қайшылықта көрініс табады. Мемлекеттік деңгейде Қытаймен өзара іс-қимыл сыртқы саясаттың стратегиялық маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Алайда импорттың шоғырлануының күшеюі және тауар айналымының құрылымдық трансформациясы олардың ұзақ мерзімді экономикалық салдарын ғылыми тұрғыда бағалауды талап етеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастарға арналған ғылыми еңбектердің бар екеніне қарамастан, олардың көпшілігінде тауар айналымының ұзақ мерзімді динамикасы құрылымдық өзгерістер мен экономикалық тәуекелдер тұрғысынан жүйелі түрде талданбаған. Бұл олқылық әсіресе 2019–2025 жылдар кезеңіне қатысты айқын байқалады, өйткені аталған уақыт аралығы сыртқы шоктар мен экономиканың кейінгі қалпына келу кезеңдерін қамтиды.

Осы зерттеудің мақсаты – 2019–2025 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тауар айналымын талдау, екіжақты сауданың өсу факторларын, құрылымдық мәселелерін және экономикалық тәуекелдерін анықтау.

Зерттеу барысында көрсетілген кезеңде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тауар айналымының ұлғаюы саудадағы құрылымдық асимметрияның күшеюімен және импорттың шоғырлануына байланысты экономикалық тәуекелдердің артуымен қатар жүреді деген болжам тексеріледі. Зерттеудің ғылыми жаңалығы 2019–2025 жылдардағы ресми статистикалық деректер негізінде екіжақты тауар айналымына кешенді сандық баға берумен, сондай-ақ оның өсу факторларын, құрылымдық теңгерімсіздіктерін және импорттың шоғырлануына байланысты экономикалық тәуекелдерін біртұтас талдауымен айқындалады.

Әдеби шолу. Қазіргі аналитикалық зерттеулерде Қытай мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы негізінен өсу факторлары, құрылымдық мәселелер және экономикалық тәуекелдер тұрғысынан қарастырылады. Көптеген еңбектерде екіжақты сауданың тұрақты кеңеюі атап өтіледі. Сондай-ақ Қытайдың Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарындағы рөлінің артқаны көрсетіледі. Алайда бұл үдерістерді түсіндіру тәсілдері зерттеу әдіснамасына байланысты әртүрлі. Шетелдік ғылыми әдебиеттерде тауар айналымының өсу факторларына басымдық беріледі. Негізгі факторлар

ретінде экономикалардың өзара толықтырылуы аталады. Сонымен қатар Қазақстанның ресурстық әлеуеті мен логистикалық байланыстардың дамуы көрсетіледі. Бұл мәселелер сауда әлеуеті мен бәсекелік артықшылықтарды бағалауға арналған зерттеулерде кеңінен талданады (Du et al., 2024; Rasoulinezhad, 2022). Ал құрылымдық проблемалар мен экономикалық тәуекелдер бұл еңбектерде шектеулі деңгейде қарастырылады.

Қытайлық аналитикалық жарияланымдарда институционалдық және инфрақұрылымдық факторларға назар аударылады. Қазақстан транзиттік дәліздердің маңызды буыны ретінде сипатталады. Логистика, инвестициялық ынтымақтастық және салалық жобалар талданады (Liu and Chen, 2025). Дегенмен тауар құрылымының ерекшеліктері мен импорттың шоғырлануына байланысты тәуекелдер көбіне зерттеу аясынан тыс қалады. Қазақстандық зерттеулерде сыртқы саудадағы проблемаларға басымдық беріледі. Авторлар экспорттың шикізаттық бағытының сақталуын атап көрсетеді. Сондай-ақ дайын өнім импортына тәуелділіктің өсуі көрсетіледі (Kelimbetov, 2021; Nurlanova, 2020). Бірқатар еңбектерде Қытай технологиялық тұрғыдан күрделі импорттың негізгі көздерінің бірі ретінде қарастырылады (Mukashev and Sharipov, 2021). Бұл жағдай тауар айналымындағы құрылымдық теңгерімсіздіктерді күшейтеді. Алайда сауданың өсу факторлары бұл зерттеулерде жеткілікті ашылмаған.

Халықаралық ұйымдардың есептері кең эмпирикалық деректерге негізделген. Бұл материалдарда импорттың шоғырлану деңгейінің өсуі тіркеледі. Қытайдың Қазақстанның сыртқы саудасындағы үлесінің артқаны да көрсетіледі (OECD, 2024; UNCTAD, 2023). Алайда бұл есептерде анықталған үрдістердің экономикалық салдары терең талданбайды.

Жалпы алғанда, әдеби шолу тауар айналымының өсу факторлары, құрылымдық мәселелері және экономикалық тәуекелдері көбіне бөлек қарастырылатынын көрсетеді. Бұл элементтерді біріктіретін кешенді аналитикалық тәсіл жеткіліксіз. Әсіресе 2019–2025 жылдар кезеңі бойынша жүйелі талдау аз. Осыған байланысты заманауи зерттеулерге салыстырмалы талдау жүргізу орынды болып табылады (1-кесте).

Кесте 1 – Қытай мен Қазақстан арасындағы тауар айналымын зерттеудегі заманауи тәсілдердің салыстырмалы талдауы

Талдау фокусы	Авторлар	Негізгі басымдық	Қарастырылатын аспектілер	Қамтылмайтын мәселелер
Өсу факторлары	Du et al.	Экономикалардың өзара толықтырылуы	Экспорт пен импорт, сауда әлеуеті	Құрылымдық мәселелер мен тәуекелдер
Аймақтық факторлар	Rasoulinezhad	Орталық Азия сауда ағындары	Сауда динамикасы, сыртқы шоктар	Қазақстан–Қытай қатынастарының терең талдауы
Институционалдық факторлар	Liu and Chen	Логистика және кооперация	Инфрақұрылым, салалық жобалар	Тауар құрылымы және импорт шоғырлануы

Құрылымдық мәселелер	Kelimbetov; Nurlanova	Шикізаттық мамандану	Сыртқы сауда теңгерімсіздіктері	Екіжақты салыстырмалы талдау
Тәуелділік тәуекелдері	Mukashev and Sharipov	Қытайдан импорттың өсуі	Қытайдың рөлінің күшеюі	Импорт концентрациясының сандық бағасы
Эмпирикалық база	OECD; UNCTAD	Сауда статистикасы	Үлестер, динамика, құрылым	Экономикалық салдарларды талдау
Ескертпе: Кесте авторлармен ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдау негізінде құрастырылған.				

Салыстырмалы талдау нәтижелері екіжақты сауданың орнықтылығын бағалауда бірыңғай әдіснамалық тәсілдің қалыптаспағанын көрсетеді. Қолданыстағы зерттеулерде бұл мәселе әртүрлі қырынан қарастырылады. Көптеген жұмыстарда назар сауда көлемінің динамикасына ғана аударылады. Құрылымдық өзгерістер көбіне екінші кезекте қалады. Мұндай шектеулі тәсіл сауда кенеюінің ұзақ мерзімді салдарын толық ашуға мүмкіндік бермейді. Әсіресе экономикалық тәуекелдер мен құрылымдық асимметриялардың өзара байланысы жеткілікті деңгейде талданбайды. Нәтижесінде сауда өсімінің ұлттық экономикаға ықпалы фрагментті түрде бағаланады. Бұл ғылыми және практикалық тұрғыдан белгілі бір олқылықтардың бар екенін көрсетеді.

Осы мақалада аталған мәселелерді біртұтас аналитикалық логика шеңберінде қарастыру ұсынылады. Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы экономикалық өсудің маңызды көзі ретінде бағаланады. Сонымен қатар ол құрылымдық теңгерімсіздіктердің қалыптасуымен қатар жүретін үдеріс ретінде талданады. Экономикалық тәуекелдер сауда құрылымының ерекшеліктерімен тығыз байланыста қарастырылады. Мұндай кешенді тәсіл екіжақты сауданың тек сандық емес, сапалық параметрлерін де бағалауға мүмкіндік береді. Ол сауда ағындарының орнықтылығын неғұрлым дәл анықтауға жағдай жасайды. Нәтижесінде 2019–2025 жылдар кезеңіндегі Қазақстан мен Қытай арасындағы сауданың негізгі осал тұстарын айқындау мүмкіндігі кенейеді.

Материалдар және негізгі әдістер. Зерттеудің эмпирикалық базасын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының сыртқы саудасына қатысты ресми статистикалық деректер құрайды. Жұмыста Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының материалдары пайдаланылды. Сонымен қатар UN Comtrade халықаралық дерекқорының мәліметтері қолданылды (BNS RK, 2024; 2025; UN Comtrade, 2025). Нәтижелерді салыстыру үшін халықаралық ұйымдардың аналитикалық есептері тартылды. Талдау 2019–2025 жылдар кезеңін қамтиды. Бұл кезең сыртқы шоктардың ықпалын ескеруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге екіжақты тауар айналымындағы құрылымдық өзгерістерді бағалауға жағдай жасайды.

Зерттеудің әдіснамалық тәсілі авторлық болып табылады. Ол сандық және сапалық талдауды үйлестіруге негізделген. Әдістемелік құралдарды қалыптастыруда сыртқы сауданы талдауда қолданылатын жалпы тәсілдер пайдаланылды (Du et al., 2024; Rasoulinezhad, 2022). Сандық талдау тауар айналымының динамикасын бағалау үшін қолданылды. Экспорт пен импорт құрылымы да қарастырылды. Сонымен қатар сауда ағындарының шоғырлану деңгейі есептелді. Негізгі көрсеткіштерге экспорт пен импорт көлемдері, жалпы тауар айналымы, өсу қарқыны, салыстырмалы үлестер және импорттың шоғырлану индексі енгізілді. Бұл көрсеткіштер халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады (OECD, 2024).

Сапалық талдау құрылымдық теңгерімсіздіктерді түсіндіруге бағытталды. Экономикалық тәуекелдер импорттық тәуелділік тұрғысынан қарастырылды. Мұндай тәсіл халықаралық ұйымдардың аналитикалық шолуларында қолданылады (UNCTAD, 2023). Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымын бағалауға арналған авторлық әдістемелік тәсіл 2-кестеде берілген.

Кесте 2 — Қазақстан мен Қытай тауар айналымын талдаудың авторлық тәсілі

Аналитикалық элемент	Көрсеткіш	Формула	Талдау түрі	Әдістемелік негіз
Өсу факторлары	Жалпы тауар айналымы	$TOt = EXt + IMt$	Сандық	Сыртқы сауданы стандартты талдау (OECD, 2024)
	Өсу қарқыны	$GRt = (TOt - TOt-1) / TOt-1 \times 100\%$	Сандық	Динамикалық талдау (Du et al., 2024)
Құрылымдық мәселелер	Қытайдың ҚР импортына үлесі	$SCN_{t,t} = IMCN_{t,t} / IMtotal_{t,t} \times 100\%$	Сандық	Импорттық тәуелділікті талдау (Rasoulinezhad, 2022)
	Импорт құрылымы	Тауар топтарының үлесі	Сандық	Құрылымдық талдау (UNCTAD, 2023)
Шоғырлану тәуекелдері	Импорт шоғырлануы	$CI_t = \sum si_{i,t}^2$	Сандық	Сауда тәуекелдерін бағалау (OECD, 2024)
Сапалық тәуекелдер	Технологиялық тәуелділік	Сараптамалық бағалау	Сапалық	Аналитикалық шолулар (UNCTAD, 2023)
	Институционалдық тәуекелдер	Логистикалық талдау	Сапалық	Сауда және логистика зерттеулері (Liu and Chen, 2025)
Мұнда: EXt – Қазақстанның Қытайға экспорты. IMt – Қазақстанның Қытайдан импорты. $IMtotal_{t,t}$ – Қазақстанның жалпы импорты. $si_{i,t}$ – i -елдің импорттағы үлесі.				
Ескертпе: Кесте авторлармен Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымын талдауға арналған сандық және сапалық әдістерді жүйелеу негізінде құрастырылған.				

Ұсынылған әдістемелік тәсіл екіжақты тауар айналымын талдауға кешенді негіз қалыптастырады. Ол сауда көлемінің динамикасын бағалаумен шектелмей, құрылымдық ерекшеліктерді де ескеруге мүмкіндік береді. Әдістемеде сандық және сапалық талдау элементтері өзара үйлестірілген. Бұл

сауда ағындарының өзгерісін бірнеше қырынан қарастыруға жағдай жасайды. Осы тәсілдің маңызды артықшылығы экономикалық тәуекелдерді бағалауға мүмкіндік беруінде. Импорттың шоғырлануы, құрылымдық асимметрия және технологиялық тәуелділік біртұтас талдау аясында қарастырылады. Мұндай үйлесім өсу факторлары мен тәуекелдер арасындағы өзара байланысты анықтауға көмектеседі.

Нәтижесінде екіжақты сауданың орнықтылығын тек көлемдік көрсеткіштер арқылы емес, оның сапалық параметрлері негізінде де бағалау мүмкіндігі қалыптасады. Бұл әдістемелік тәсіл зерттеудің келесі кезеңдерінде алынған эмпирикалық нәтижелерді интерпретациялауға логикалық негіз болып табылады.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тауар айналымына сандық талдау жүргізілді. Талдау 2019–2025 жылдар кезеңін қамтиды. 2025 жыл бойынша қаңтар–қараша айларына арналған алдын ала деректер пайдаланылды. Эмпирикалық база Қазақстан Республикасының сыртқы сауда бойынша ресми статистикасына негізделді (BNS RK, 2024; 2025). Сондай-ақ UN Comtrade дерекқорынан алынған салыстырмалы мәліметтер қолданылды (UN Comtrade, 2025).

Нәтижелер екіжақты сауданың өсу факторларын, құрылымдық мәселелерін және экономикалық тәуекелдерін кезең-кезеңімен анықтау логикасында ұсынылады.

1. Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымының өсу факторлары

Алғашқы кезеңде екіжақты тауар айналымының көлемі мен динамикасы бағаланды. Өсу факторлары ретінде экспорт, импорт, жалпы тауар айналымы және оның өсу қарқыны қолданылды. Есептеу нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы динамикасы, өсу қарқыны және Қытай үлесі (2019–2025 жж., млн АҚШ долл.)

Жыл	ҚР-дың Қытайға экспорты	ҚР-дың Қытайдан импорты	Тауар айналымы	Тауар айналымының өсу қарқыны, %	ҚР импорты құрамындағы Қытай үлесі, %
2019	8003,9	6788,6	14792,5	база	17,7
2020	9420,6	6378,0	15798,6	6,8	17,3
2021	9772,5	8228,5	18001,0	14,0	19,9
2022	13060,2	11143,7	24203,9	34,5	21,9
2023	14666,2	15389,2	30055,4	24,2	25,5
2024	14891,4	15266,2	30157,6	0,3	25,3
2025*	13507,6	16808,2	30315,8	0,5	29,1

* 2025 жыл – қаңтар–қараша айлары, алдын ала деректер

Ескертпе: Тауар айналымы экспорт пен импорт көлемдерінің қосындысы ретінде есептелген, өсу қарқыны алдыңғы жылмен салыстырылған. 2025 жылғы деректер алдын ала болып табылады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымының динамикасы сыртқы сауда байланыстарының сапалық өзгерістерін де көрсетеді. 2019–2021 жылдары тауар айналымының өсуі салыстырмалы түрде бірқалыпты сипатта болды. Бұл кезеңде сауда ағындары сыртқы шоктарға бейімделу сатысында қалыптасты. Экспорт пен импорт көлемдерінің арақатынасы айтарлықтай өзгермеді.

2022–2023 жылдары тауар айналымының күрт өсуі байқалды. Бұл үрдіс әлемдік сауда конъюнктурасының өзгеруімен және өңірлік логистикалық бағыттардың қайта құрылуымен сәйкес келді. Сауда көлемінің ұлғаюы екіжақты экономикалық өзара тәуелділіктің күшейгенін көрсетеді. Алайда бұл өсім сауда құрылымындағы теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ете алмады.

2024–2025 жылдары тауар айналымының жалпы көлемі тұрақтану кезеңіне өтті. Өсу қарқыны айтарлықтай баяулады. Бұл сауда кеңеюінің экстенсивті факторларының әлсірегенін білдіреді. Осы кезеңде сауда көлемінің сақталуы негізінен импорттың артуы есебінен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар Қытайдың Қазақстан импорты құрылымындағы үлесінің тұрақты өсуі байқалады. Бұл үрдіс Қазақстанның сыртқы саудасында Қытай бағытының маңыздылығы артып отырғанын көрсетеді. Импорттағы үлестің ұлғаюы сауда әртараптандыру деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Ұзақ мерзімді кезеңде мұндай динамика сыртқы экономикалық тәуекелдердің күшеюіне негіз болады.

Осылайша 3-кесте деректері тауар айналымының сандық өсуімен қатар, оның құрылымдық және сапалық сипаттамаларында маңызды өзгерістер орын алғанын көрсетеді. Бұл үрдістерді тереңірек түсіну үшін сауда теңгерімі мен импорт құрылымына қосымша талдау жүргізу қажет.

2. Екіжақты сауданың құрылымдық мәселелері

Құрылымдық теңгерімсіздіктерді анықтау үшін сауда сальдосы және импортты экспортпен жабу коэффициенті есептелді. Талдау 2019–2025 жылдардағы ресми деректерге негізделді (BNS RK, 2024; 2025). Нәтижелер 4-кестеде берілген.

Кесте 4 — Қазақстан мен Қытай арасындағы сауданың құрылымдық асимметрия көрсеткіштері, 2019–2025 жж. (млн АҚШ долл.)

Жыл	Экспорт	Импорт	(EX–IM) Сальдо	Импортты экспортпен жабу коэффициенті, %
2019	8003,9	6788,6	+1215,3	117,9
2020	9420,6	6378,0	+3042,6	147,7
2021	9772,5	8228,5	+1544,0	118,8
2022	13060,2	11143,7	+1916,5	117,2
2023	14666,2	15389,2	-723,0	95,3
2024	14891,4	15266,2	-374,8	97,5
2025*	13507,6	16808,2	-3300,6	80,4


Ескертпе: Импортты экспортпен жабу коэффициенті экспорт көлемінің импорт көлеміне қатынасы ретінде есептелген.

4-кесте деректері 2022 жылға дейін Қазақстанның Қытаймен саудадағы сальдосы оң болғанын көрсетеді (BNS RK, 2024; 2025). Осы кезеңде импортты экспортпен жабу коэффициенті 100%-дан жоғары деңгейде сақталды. Бұл сауда ағындарының салыстырмалы түрде теңгерімді болғанын білдіреді. Экспорт көлемі импорттан тұрақты түрде жоғары болды. Мұндай жағдай сыртқы сауданың орнықтылығы үшін қолайлы фактор ретінде қарастырылады.

2023 жылдан бастап сауда сальдосы теріс мәнге өтті. Осы уақыттан бастап импортты экспортпен жабу коэффициенті төмендеу үрдісін көрсетті. 2025 жылы бұл көрсеткіш 80,4%-ға дейін қысқарды. Аталған динамика екіжақты сауда құрылымындағы сапалық өзгерістерді айқындайды. Сауда ағындарының бұрынғы теңгерімі біртіндеп бұзыла бастады.

Теріс сауда сальдосының қалыптасуы кездейсоқ сипатқа ие емес. Бұл үрдіс сауда құрылымындағы терең өзгерістермен байланысты. Импорттың өсу қарқыны экспорт динамикасынан асып түсті. Мұндай айырмашылық ішкі өндірістік әлеуеттің жеткіліксіздігін көрсетеді. Әсіресе өңдеуші салалардың әлсіз дамуы бұл үдерісті күшейтеді. Сауда теңгерімсіздігінің күшеюі макроэкономикалық тұрақтылыққа тікелей әсер етеді. Төлем балансына түсетін қысым арта түседі. Валюталық және сыртқы экономикалық тәуекелдер ұлғаяды. Ұзақ мерзімді кезеңде бұл жағдай экономиканың орнықтылығын әлсіретуі мүмкін. Сондықтан сауда құрылымындағы өзгерістерді тек статистикалық емес, экономикалық тұрғыдан да бағалау қажет.

Экспорт, импорт және сауда сальдосының динамикасын көрнекі түрде көрсету үшін 1-сурет құрастырылды.




Сурет 1 — Қазақстан-Қытай саудасы: экспорт, импорт және сальдо динамикасы (2019–2025 жж.)

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректері (2024; 2025) және авторлардың есептеулері негізінде құрастырылған.

1-сурет 2022 жылға дейін экспорт көлемінің импорттан жоғары болғанын айқын көрсетеді. Осы кезеңде оң сауда балансы қалыптасты. 2023 жылдан бастап импорттың өсу қарқыны экспорттан асып түсті. Нәтижесінде теріс сауда балансы пайда болды және кейінгі жылдары тереңдей түсті. 2025 жылы импорт пен экспорт арасындағы айырма едәуір ұлғайды. Бұл жағдай екіжақты сауданың құрылымдық сипаттарының нашарлағанын білдіреді.

3. Импорт құрылымы құрылымдық мәселелердің көзі ретінде

Анықталған теңгерімсіздіктердің себептерін нақтылау үшін Қазақстанның Қытайдан импорттайтын тауарларының құрылымы талданды (ҚР ҰСБ, 2024; 2025). Талдау нәтижелері 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 — Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасынан импорт құрылымы (ірілендірілген тауар топтары бойынша), 2024–2025 жж., %
 Ескертпе: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректері (2024; 2025) негізінде авторлармен құрастырылған.

2-сурет импорт құрылымында технологиялық тұрғыдан күрделі өнімдердің басым екенін көрсетеді. Негізгі үлесті машиналар мен жабдықтар, электроника және электр техникасы алады. Сонымен қатар тұтыну тауарлары мен аралық өнімдердің де үлесі жоғары. Мұндай құрылым Қазақстан экономикасының жоғары қосылған құны бар өнімдер импортына тәуелді екенін көрсетеді. Бұл жағдай сыртқы сауда позицияларының осал болуына әкеледі. Әсіресе валюталық ауытқулар мен сыртқы экономикалық шоктар кезінде тәуекелдер күшейеді.

Алынған нәтижелер сауда балансының тапшылығының өсуін түсіндіреді. Технологиялық өнімдер импортының артуы теріс сальдоның қалыптасуындағы негізгі факторлардың бірі болып табылады.

4. Екіжақты саудадағы шоғырлану тәуекелдері

Сыртқы сауда ағындарының шоғырлануына байланысты тәуекелдерді бағалау үшін импорттың шоғырлану индексі есептелді. Есептеу негізгі сауда серіктестерінің Қазақстан импорты құрылымындағы үлесіне негізделді. Әдістеме «Материалдар және негізгі әдістер» бөлімінде ұсынылған авторлық тәсілге сәйкес келеді. Нәтижелер 5-кестеде берілген.

Кесте 5 – Қазақстан Республикасы импортының шоғырлану индексі негізгі сауда әріптестері бойынша, 2019–2025 жж.

Жыл	Импорттағы Қытайдың үлесі, %	Импорттың шоғырлану индексі (CI)
2019	17,7	0,118
2020	17,3	0,116

2021	19,9	0,128
2022	21,9	0,143
2023	25,5	0,165
2024	25,3	0,163
2025*	29,1	0,185

Ескертпе: Индекс импорттағы негізгі сауда әріптестерінің үлестері негізінде $CIt = \sum si, t^2$ формуласы бойынша есептелген.

5-кесте деректері импорттың шоғырлану индексінің тұрақты өсімін көрсетеді. 2019 жылы индекс мәні 0,118 деңгейінде қалыптасты. 2025 жылдың қаңтар–қараша айларында бұл көрсеткіш 0,185-ке дейін өсті. Мұндай динамика импорттық ағындардың біртіндеп шоғырланып келе жатқанын айқындайды. Индекстің өсуі Қазақстанның сыртқы саудасының шектеулі сауда серіктестеріне тәуелділігінің артқанын көрсетеді. Бұл үрдісте Қытайдың импорттағы үлесінің ұлғаюы шешуші рөл атқарады. Бір серіктестің салмағы артқан сайын сауда құрылымының икемділігі төмендейді. Бұл сыртқы сауда орнықтылығы үшін қосымша тәуекелдер туғызады.

Аталған үрдіс 3-кестеде көрсетілген импорт құрылымындағы өзгерістермен де сәйкес келеді. Қытайдың Қазақстан импорты құрамындағы үлесінің артуы шоғырлану индексінің өсуін жеделдетті. Нәтижесінде импорт ағындарының географиялық әртараптандырылуы әлсіреді. Импорт шоғырлануының артуы сауда балансының нашарлауымен қатар жүріп отыр. 2023–2025 жылдары Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда сальдосы теріс күйде сақталды. Бұл жағдай 4-кесте деректері мен 1-суретте айқын көрініс тапқан. Мұндай өзара байланыс сыртқы сауда тәуекелдерінің кешенді сипатқа ие екенін көрсетеді.

Жалпы алынған нәтижелер импорттың шоғырлануына байланысты экономикалық тәуекелдердің қалыптасып отырғанын дәлелдейді. Бір негізгі сауда серіктесіне тәуелділіктің артуы Қазақстан Республикасының сыртқы сауда тұрақтылығын төмендетеді. Ұзақ мерзімді кезеңде бұл жағдай сыртқы экономикалық саясаттың тиімділігіне әсер етуі мүмкін.

Талқылау. Алынған нәтижелер Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тауар айналымының динамикасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Екіжақты сауданың өсу үрдісі шетелдік зерттеулердің негізгі қорытындыларымен жалпы алғанда сәйкес келеді. Бұл еңбектерде сауда-экономикалық байланыстардың кеңеюі экономикалардың өзара толықтырылуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар Қазақстанның ресурстық мамандануы және өңірлік логистикалық инфрақұрылымның дамуы маңызды факторлар ретінде қарастырылады (Du et al., 2024; Rasoulinezhad, 2022). Осы тұрғыдан алғанда, мақала нәтижелері Қазақстанның еуразиялық кеңістіктегі сыртқы саудасының трансформациясының жалпы бағытын растайды.

Сонымен бірге жүргізілген талдау тауар айналымының өсуі сыртқы сауданың орнықтылығы үшін әрдайым оң нәтиже бермейтінін көрсетеді.

Қытайлық аналитикалық зерттеулерде ынтымақтастықтың институционалдық шарттарына басымдық беріледі. Сондай-ақ транзиттік дәліздердің дамуы негізгі артықшылық ретінде қарастырылады (Liu and Chen, 2025). Алайда сауда кеңеюінің импорт құрылымына және сауда балансына әсері көбіне жеткілікті деңгейде ашылмайды. Осы зерттеудің нәтижелері тауар айналымының ұлғаюы құрылымдық асимметрияның күшеюімен қатар жүретінін дәлелдейді. Сонымен қатар сыртқы сауда ағындарының шоғырлануының артқаны анықталды.

Мұндай жағдайда импорт құрылымының маңызы айқындала түседі. Зерттеу нәтижелері Қытайдан келетін импортта технологиялық тұрғыдан күрделі өнімдердің басым екенін көрсетеді. Бұл жағдай тұрақты құрылымдық теңгерімсіздіктердің қалыптасуына алып келеді. Сонымен бірге ұлттық экономиканың сыртқы жеткізілімдерге тәуелділігі артады. Аталған қорытындылар қазақстандық зерттеушілердің экспорттың шикізаттық сипаты сақталып отырғанын көрсететін тұжырымдарымен сәйкес келеді (Kelimbetov, 2021; Nurlanova, 2020). Алайда осы мақалада бұл үрдістер экономикалық тәуекелдердің сандық бағасымен толықтырылды.

Импорттың шоғырлану индексі қолдану сауда серіктестерінің шектеулі тобына тәуелділіктің күшеюі үрдісін нақтылауға мүмкіндік берді. Қолданыстағы зерттеулерде мұндай тәуекелдер көбіне сипаттамалық деңгейде ғана қарастырылады. Жүргізілген есептеулер олардың динамикада сандық түрде артып отырғанын көрсетті. Шоғырлану индексінің өсуі мен сауда балансының нашарлауы арасындағы өзара байланыс сыртқы сауданың орнықтылығының төмендеуін айғақтайды. Бұл үрдіс әсіресе сыртқы шоктар мен жаһандық сауда конъюктурасының өзгеруі жағдайында өзекті болып табылады.

Алынған нәтижелер халықаралық аналитикалық шолуларда келтірілген тұжырымдармен де сәйкес келеді. Бұл материалдарда Қытайдың сыртқы саудадағы рөлінің күшеюі және импорт ағындарының шоғырлануы атап өтіледі (OECD, 2024; UNCTAD, 2023). Дегенмен, аталған халықаралық бағалаулардан айырмашылығы, осы мақалада үрдістер ұлттық экономика деңгейінде талданды. Олар Қазақстан Республикасының нақты сыртқы сауда көрсеткіштерімен салыстырылды. Бұл екіжақты тауар айналымының кеңеюінен туындайтын экономикалық салдарды неғұрлым дәл бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі артықшылығы өсу факторларын, құрылымдық мәселелерді және экономикалық тәуекелдерді біртұтас аналитикалық логика аясында қарастыруында. Сонымен қатар белгілі бір шектеулер де бар. Жұмыста агрегатталған статистикалық деректер пайдаланылды. Бұл жекелеген салалар мен тауар топтарының ерекшеліктерін терең талдауға мүмкіндік бермейді. Бұдан бөлек, шоғырлану индексі тәуелділіктің жалпыланған деңгейін көрсетеді. Ол сауданың институционалдық ерекшеліктерін толық

қамтымайды. Аталған шектеулер болашақ зерттеулердің негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу 2019–2025 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тауар айналымының динамикасы мен құрылымын кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. Қойылған зерттеу мақсаты толық орындалды. Екіжақты сауданың өсу факторлары анықталды. Сонымен қатар құрылымдық өзгерістер мен олармен байланысты экономикалық тәуекелдер жүйелі түрде бағаланды. Талдау нәтижелері қарастырылған кезеңде Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымының тұрақты өскенін көрсетеді. Сауда ағындарының ең қарқынды кеңеюі 2022–2023 жылдары байқалды. Бұл Қытайдың Қазақстан Республикасының сыртқы саудасындағы стратегиялық маңызын растайды. Аталған кезеңде Қытай Қазақстанның жетекші сауда серіктестерінің бірі ретінде өз позициясын нығайтты.

Сонымен қатар екіжақты сауданың құрылымында елеулі өзгерістер орын алды. 2023 жылдан бастап сауда сальдосы теріс мәнге өтті. Импортты экспортпен жабу коэффициентінің тұрақты төмендеуі тіркелді. Бұл сауда ағындарындағы асимметрияның күшейгенін көрсетеді. Аталған үрдіс сауда кеңеюінің сапалық сипаттамаларына ерекше назар аудару қажеттігін айқындайды. Экономикалық тәуекелдерге сандық баға беру импорттың шоғырлану индексі арқылы жүзеге асырылды. Есептеу нәтижелері 2019–2025 жылдар аралығында индекс мәнінің тұрақты өскенін көрсетті. Бұл Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының шектеулі сауда әріптестеріне тәуелділігінің артқанын білдіреді. Аталған үрдісте Қытай Халық Республикасының импорттағы үлесінің ұлғаюы негізгі фактор ретінде анықталды.

Алынған нәтижелер зерттеу гипотезасын толық растайды. Екіжақты тауар айналымының өсуі сыртқы сауданың орнықтылығының автоматты түрде артуына әкелмейді. Керісінше, импорттың шоғырлануына және құрылымдық тәуелділікке байланысты қосымша экономикалық тәуекелдер қалыптасады. Бұл жағдай сыртқы сауданы бағалауда тек көлемдік көрсеткіштерге сүйенудің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы екіжақты сауданың өсу факторларын, құрылымдық мәселелерін және экономикалық тәуекелдерін біртұтас аналитикалық тәсіл аясында сандық бағалауда көрініс табады. 2019–2025 жылдар кезеңі үшін Қытайдың рөліне ерекше назар аударып отырып, импорттың шоғырлану индексі есептелді. Бұл сыртқы сауда орнықтылығын сипаттамалық емес, формалданған көрсеткіштер арқылы бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің практикалық маңызы алынған нәтижелерді Қазақстан Республикасының сыртқы сауда және өнеркәсіптік саясатын қалыптастыруда қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Импорттың шоғырлану индексі сыртқы экономикалық тәуекелдерді мониторингтеу құралы ретінде пайдаланылуы

мүмкін. Сонымен қатар алынған қорытындылар импортты әртараптандыру және өңдеуші салаларды дамыту бойынша шаралардың өзектілігін көрсетеді.

Зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Жұмыста агрегатталған статистикалық деректер пайдаланылды. Бұл жекелеген салалар мен тауар топтары бойынша айырмашылықтарды терең талдауға мүмкіндік бермейді. Алайда аталған шектеулер болашақ зерттеулердің бағыттарын айқындауға негіз бола алады. Болашақ зерттеулер Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымының салалық құрылымын егжей-тегжейлі талдауға бағытталуы мүмкін. Импорттың шоғырлануының ұлттық өнеркәсіптің дамуына ықпалын бағалау ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Сонымен қатар ұзақ мерзімді кезеңде сыртқы экономикалық тәуекелдерді төмендету тетіктерін әзірлеу өзекті бағыт болып қала береді.

References

Asian Development Bank (2024) Asian Economic Outlook. [Electronic resource]. URL: <https://www.adb.org> (accessed: 01.02.2026). (in English).

Byuro nacional'noj statistiki Respubliki Kazahstan (2025) Dannye o vneshnej trgovle Respubliki Kazahstan i Kitajskoj Narodnoj Respubliki za 2019-2025 gody [Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan (2025) Foreign trade of the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China for 2019–2025]. [Electronic resource]. URL: <https://stat.gov.kz> (accessed: 01.02.2026) (in Russian)

Du J., Zhang Y., Wang S. (2024) Trade potential and structural changes in China–Central Asia economic relations. *Journal of Asian Economics*, 82. — P. 101–115 (in English).

International Monetary Fund (2024) Direction of Trade Statistics Database. [Electronic resource]. URL: <https://data.imf.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

Kelimbetov K.B. (2021) Structural problems of Kazakhstan's foreign trade in the context of globalization. *Economic Studies of Kazakhstan*, No. 2. — P. 45–56 (in English).

Liu H., Chen X. (2025) Logistics cooperation between China and Kazakhstan under the Belt and Road Initiative. *Transportation Research Part A*, 176. — P. 103–118 (in English).

Mukashev A.K., Sharipov M.S. (2021) Import dependence and technological risks of Kazakhstan's economy. *Central Asian Economic Review*, No. 3. — P. 67–79 (in English).

Nurlanova N.K. (2020) Raw material orientation of exports and risks of external economic dependence of Kazakhstan. *Vestnik KazNU. Economic Series*, No. 4. — P. 32–41 (in English).

OECD (2022) Global Trade Policy Indicators. [Electronic resource]. URL: <https://www.oecd.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

OECD (2023) Economic Outlook: Southeast and Central Asia. [Electronic resource]. URL: <https://www.oecd.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

OECD (2024) Trade and Economic Diversification in Central Asia. [Electronic resource]. URL: <https://www.oecd.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

Rasoulinezhad E. (2022) China's trade relations with Central Asia: patterns, challenges and future prospects. *China Economic Review*, 71. — P. 101–113 (in English).

Tokayev K.-J. (2023) Memleket Basshysy Qasym-ZHоmart Тоқаевтің "Әділетті Қазақстанның Экономикалық Батыты" Аты Қазақстан халқына зholdauy, 2023 zhylry 1 қыркүйек [Message of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan "Economic Course of a Fair Kazakhstan", September 1, 2023]. Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. URL: <https://www.akorda.kz> (accessed: 01.02.2026) (in Kazakh).

UN Comtrade (2025) International trade statistics database. [Electronic resource]. URL: <https://comtradeplus.un.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

UNCTAD (2023) Trade and Development Report. [Electronic resource]. URL: <https://unctad.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

UNCTAD (2024) World Investment Report. [Electronic resource]. URL: <https://unctad.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

UNCTADstat (2025) International trade and development data. [Electronic resource]. URL: <https://unctadstat.unctad.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

World Bank (2024) Global Economic Prospects. [Electronic resource]. URL: <https://www.worldbank.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

World Bank (2024) Logistics Performance Index. [Electronic resource]. URL: <https://lpi.worldbank.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

World Trade Organization (2024) World Trade Statistical Review 2024. [Electronic resource]. URL: <https://www.wto.org> (accessed: 01.02.2026) (in English).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Подписано в печать 27.04.2026.

46,0 п.л.

Заказ 2.